

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2024 жылғы 2 сәуірдегі
№ 72 бұйрығына
№ 1 қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 27 қаңтардағы
№ 83 бұйрығымен бекітілген

«Педагогтерді аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізімі

«Педагогтерді аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізімі		
1	Қызмет берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың бөлімдері, білім беру ұйымдары
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі; 2) «электрондық үкіметтің» egov.kz веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал)
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері: 1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүгінген кезде – 20 минут; 2) портал арқылы – 1 (бір) жұмыс күні. Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған), қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде педагогтерге біліктілік санатын беру (растау) үшін өтінішті қабылдау туралы қолхат беру не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту. Портал арқылы жүгінген кезде құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама не қызмет берушінің ЭЦҚ қойылған өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту өтініш берушінің жеке кабинетінде көрсетіледі.
6	ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда қызмет алушыдан алынатын төлем мөлшері және оны алу тәсілдері	Жеке тұлғаларға тегін
7	Жұмыс кестесі	1) көрсетілген қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін. көрсетілген қызмет берушіде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзілісті қоспағанда сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен

		көрсетіледі; 2) портал - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (қызмет алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады)
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізімі	1) өтініш; 2) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі) (иесіне қайтарылады) не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін); 3) білім туралы диплом; 4) қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (бар болса); 5) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат; 6) қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжат; 7) ПББ өткендігі туралы сертификат; 8) берілген біліктілік санаты туралы куәлік және бұйрық (бұрын біліктілік санаты бар адамдар үшін); 9) кәсіби жетістіктерді және тәжірибені жинақтауды (таратуды) растайтын құжаттар; 10) білім алушылардың жетістіктерін растайтын құжаттар. 11) Эссе (250–300 сөз)
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) мемлекеттік қызметті алу үшін қызмет алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған; 2) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің талаптарға сәйкес келмеуі; 3) «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы.
10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін өзге де талаптар	Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: www.edu.gov.kz . Қызмет берушінің ЭЦҚ, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777, болған жағдайда порталдың «жеке кабинеті» арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: www.edu.gov.kz .

Педагогтерді
аттестаттаудан өткізу
қағидалары мен шарттарына
9-қосымша

Нысан

Аттестаттау
комиссиясының төрағасы

Педагогті, бөлім басшысын (меңгерушісін), әдістемелік кабинет (орталық)
әдіскерін аттестаттау рәсіміне қатысуға өтініш

_____ (Т.А.Ә. (бар болса))

ЖСН _____

Лауазымы, жұмыс орны, электрондық пошта _____
_____ 20__ жылы

_____ лауазымы (мамандығы)

атқаратын лауазымына сәйкестігіне/сәйкессіздігіне, біліктілік санатты беру/ растау аттестаттау рәсіміне қатысуға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Қазіргі уақытта менің _____ (күні) _____ (айы) _____ жылға дейін жарамды
_____ біліктілік санатым бар.

Білім беру ұйымының атауы _____

Біліктілік санатын беру (растау) тәртібімен таныстым.

« _____ » _____ 20__ жыл

_____ (қолы)

Педагогтерді
аттестаттаудан өткізу
қағидалары мен шарттарына
10-қосымша

Нысан

_____ қызмет алушының Т.А.Ә.
(бар болған жағдайда)

Аттестаттаудан өтуге өтінішті қабылдау туралы хабарлама

Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) рәсіміне қатысуға өтініш қабылданды.
Осы хабарлама « _____ » _____ 20__ жылы жіберілді.

Педагогтерді
аттестаттаудан өткізу
қағидалары мен шарттарына
11-қосымша

Нысан

_____ қызмет алушының Т.А.Ә.
(бар болған жағдайда)

Аттестаттаудан өтуге өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама

Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) рәсіміне қатысуға өтініш

_____ атап айтқанда /жоқ немесе сәйкес келмейтін құжаттардың атауын көрсету/:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3) _____ байланысты қабылданбады.

Осы хабарлама « _____ » _____ 20__ жылы жіберілді.

Педагогтерді
аттестаттаудан өткізу
қағидалары мен шарттарына
12-қосымша

Нысан

_____ қызмет алушының Т.А.Ә.

(бар болған жағдайда)

Аттестаттаудан өту үшін білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтердің құжаттарын қабылдау туралы қолхат

_____ (көрсетілетін қызмет берушінің немесе веб-порталдың атауы)

_____ (мекенжайы)

_____ (көрсетілетін қызмет алушының Т. А. Ә (бар болған жағдайда) көрсету)

_____ (білім беру ұйымының атауы)

Педагогтерді аттестаттауға қатысу үшін қабылданған құжаттардың тізбесі:

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____

«___» _____ 20___ жыл

Алды: _____

_____ / қызмет алушының Т. А. Ә, (бар болса)

«___» _____ 20___ жыл _____ /қолы/

Педагогтерді
аттестаттаудан өткізу
қағидалары мен шарттарына
13-қосымша

Нысан

_____ қызмет алушының
Т.А.Ә. (бар болса)

Аттестаттаудан өту үшін білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтердің құжаттарын қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

_____ (көрсетілетін қызмет берушінің немесе веб-порталдың атауы)

_____ (мекенжайы)

аттестаттауға қатысу үшін құжаттарды қабылдаудан бас тартады

_____ (көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) көрсету)

_____ (білім беру ұйымының атауы)

құжаттардың болмауына / сәйкес келмеуіне байланысты, атап айтқанда:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3) _____.

«___» _____ 20___ ж.

Алды: _____

_____ / Көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

«___» _____ 20___ ж. _____ /қолы/